



СӨЖ

Тақырыбы: *Өмір сүру дағдысының
екіншілік ИЖЖ қалыптасуындағы рөлі*

Орындаған: Қылышбаева А.Н.

Тобы: ЖМ16-012-1

Курс: 2

Тексерген: Іңкәр

Мырзаханқызы

- **Иммундық тапшылық (ИТ)** иммунды жауап механизмінің бір немесе бірнеше ақаулығына байланысты өзгерген иммундық статус. Иммундық тапшылықтар: біріншілік (туа пайда болған), екіншілік (жүре пайда болған) болып бөлінеді. Сонымен бірге иммундық жүйесінің өзі де жұқпамен зақымданады (ЖИТС, Т- клеткалық лейкемия). Иммундық тапшылық симптомдары, иммунитет ақауының тереңдігі мен сипаты кең ауқымды өзгермелі.

- Жаңа жіктелуі иммундық ақаудың басымырақ орналасуына және иммундық жүйенің маңызды бөліктеріне сәйкес біріншілік иммунды тапшылық жағдайлары негізгі 4 топқа бөлінеді:
 - антиденелер өндіру ақаулары;
 - біріккен иммундық тапшылықтар;
 - фагоцитоз ақауы;
 - комплемент жүйесінің ақауы;

- Иммундық тапшылық жағдайының диагностикасы бірінші ретте ауру тарихына, науқас өміріне, отбасылық анамнезіне иммунологиялық жеткліксіздіктің клиникалық көрінісіне және иммунологиялық ақауды анықтауға негізделеді.

- Екіншілік иммундық тапшылықты біріншілік иммундық тапшылықтан ажырату қиындық әкелуі мүмкін, кейде ажырату мүмкін болмай жатады. Себебі біріншілік иммундық тапшылық жағдайы жасырын жүріп, тек бір қоздырушы әсерден немесе аурудан кейін ғана анықталып жатады. Бұндай симптомсыз иммундық тапшылық жағдайымен науқастар дені сау адамдардың ішінен де анықталған жағдайлар аз емес. Екіншілік иммундық тапшылық жағдайды науқаста иммундық статустың қалыпты көрсеткіштері болғанын анықтап ғана тұжырымдайды.

Екіншілік иммунтапшылықтар – клиникалық иммунологиялық синдром:

- Иммундық жүйенің алдын ала қалыпты қызметінен дамиды;
- Спецификалық және/немесе бейспецификалық иммунитет қызметтерінің тұрақты төмендеуімен сипатталады;
- Созылмалы жұқпалы аурулардың, аутоиммундық патологиялардың, аллергиялық және ісік ауруларының даму аймағы болып табылады.

- Екіншілік иммундық тапшылық жағдайы – кеш постнаталды периодта немесе үлкендерде дамитын, генетикалық ақау қорытындысы болып табылмайтын иммундық жүйе бұзылысы.
- Екіншілік иммундық тапшылық жағдайы үш үлгіге бөлінген:

жүре пайда болған

индуцирленген

- **СПОНТАНДЫ**

Екіншілік иммунтапшылықтардың жіктелуі

III. Таралуына қарай:

1. “Жергілікті” иммунтапшылық
2. Жүйелі иммунтапшылық

IV. Дәрежесіне қарай:

1. Компенсацияланған (жеңіл)
2. Субкомпенсацияланған (орташа)
3. Декомпенсацияланған (ауыр)

Екіншілік иммунтапшылықтардың жіктелуі

I. Даму қарқындылығына қарай:

1. Жедел иммунтапшылық (жедел жұқпалы аурулар, травма, интоксикация)
2. Созылмалы иммунтапшылық (созылмалы іріңді қабыну аурулары, аутоиммундық бұзылыстар, ісіктер, вирустық инфекциялар)

Екіншілік иммунтапшылықтардың жіктелуі

II. Зақымдану деңгейіне қарай:

1. Жасушалық иммунитеттің бұзылуы
2. Гуморалдық иммунитеттің бұзылуы
3. Фагоциттер жүйесінің бұзылуы
4. Комплемент жүйесінің бұзылуы
5. Біріккен ақаулар

Екіншілік ИТЖ немесе ИТЖ II – келесі факторлардың әсерінен пайда болады:

- а. инфекциялық аурумен ауырғандар
- б. бауыр, бүйрек, ұйқы безінің соматикалық аурулары
- в. гормоналды дисбаланс
- г. салауатсыз өмір салты
- д. жұмыста және үйде жағымсыз факторлардың әсері
- е. иммундық жүйесін жоятын дәрілік препараттарды қабылдау
- ж. радиация
- з. белоктық ашығу және белок алмасуының бұзылысы

- Екіншілік иммундық тапшылықтың жүре пайда болған үлгісіне өте айқын мысал болып иммундық тапшылықтың жүре пайда болған синдромы (ИТЖС), дамыған қорытындысында адамның иммундық жүйесі иммундық тапшылық вирусымен (ИТВ) зақымдалған. Екіншілік иммундық тапшылықтың индуцирленген үлгісі тұрақты бір себепте пайда болған, оның көрінуіне негіз: рентгендік сәуле, цитостатикалық терапия, кортикостероидтарды қабылдау, жарақат және хирургиялық араласу, сонымен бірге иммунитеттің бұзылуы, негізгі ауруға байланысты екінші аурудың өсуі (диабет, бауыр ауруы, бүйрек, залалдылықтың жаңа өсіндісі).

ИТЖС-ның пайда болуына адамның өмір сүру дағдысының әсері:

- Материалдық жағдайдың төмен болуы: сапалы медициналық көмектің көрсетілмеуі;
- Есірткілік заттарды пайдалану: мысалы кокаинды қолдану ИТС дамуын тездетеді;
- Стресс: ұзақ уақыт депрессияда болу ауру дамуын тездетеді.

- ИТС дамуына өмір салтының әсерін *in vitro* жағдайында жүргізілген біршама зерттеулер мен клиникалық зерттеулер жүргізілді:
- Морфин және басқа опиоидты заттар IFN-у және IL-2 бөлінуін күшейтеді, бұл вирустың репликациясын үдетеді. Метадон қолданғанда макрофаг пен микроглия жасушаларының вируспен жұқтырылуы күшейтілген.
 - Бұл макрофагтағы CCR5 экспрессиясының активациясымен байланысты.
- Қорытындыласақ , есірткілік заттар вирустың жұғуына оң үлесін тигізеді.

- Кейбір зерттеулер бойынша, алкогольды пайдалану ИТС репликациясын күшейтетінің көрсетті, ол CXCR4 экспрессиясымен байланысты. Сонымен қатар алкоголь қолдану моноклеарлы жасушалардың ИТС инфицирленуіне жоғары сезімталдықпен жауап беруін қамтамасыз етеді.

Адам өмір сүру дағдысының ИЖЖ әсері:

- Стресс: ДДС мәлімету бойынша стресс тууына себептер болып интоксикация, травма, инфекциялық процесстер, созылмалы физикалық не психикалық жүктемелер, температураның кенет өзгермелілігі, аштық табылады. Ол гипоталамо-гипофизарлық жүйенің шамадан тыс активациясына әкеледі, АКТГ артық бөлінуі, кортикостероидты гормондардың көбеюі, симпатикалық нерв жүйесінің белсенуі осының барлығы шеткері лимфоидты тіндердегі катехоламин түзілуін үдетеді. Созылмалы стресс қатерлі ісіктердің, инфекциялық, аллергиялық, аутоиммундық аурулардың себебі болады.

- Ұзақ уақыт астың жетіспеуінен, әсіресе ақуызды дефицит кезінде фагоцитоз белсенділігі төмендеп, комплемент жүйесі мен пропердин нәруыздары синтезі азаяды, антидене синтезі, Т-,В- лимфоциттер бәсеңдейді.

- Соңғы жылдары генетикалық модифирцирленген өнімдер көбеюде. Оларды пайдаланған ағзада өзіне тән емес генетикалық мәлімет пайда болып, олардың ағзаға зияндығы дәлелденді.

Зиянды әдеттер

- Темекі шегетіндерде қатерлі ісіктер пайда болуы жиірек. Олар сонымен қатар вирустарға, оның ішінде ИТС вирусына да көбірек сезімтал болып келеді. Және олардың қан сарысуындағы IgE де саны көбірек болғандықтан, ол аллергиялық реакцияларды көбейтеді.

Қорытынды

- Иммуn тапшылығы дегеніміз — адамның иммундық жүйесінің қызметінің қалыпты тұрғыдан ауытқуы салдарынан пайда болатын аурулар немесе әр түрлі дерттер. Екінші иммунжетіспеушілік пайда болуына адам өміріндегі тұрмыстық жағдайдық әсері зор. Салауатты өмір сүру, жағымсыз әдеттерден бас тарту және дұрыс медициналық шаралардың алдын алу екінші иммунжетіспеушілікті болдырмаудың жолы болып табылады

Әдебиеттер:

- Хаитов Р.М., Взаимодействие клеток иммунной системы: физиологические и медицинские аспекты иммунитета.// Аллергия и клиническая иммунология –2001.- №1.- С6-20
- Хаитов Р.М. Иммунная система желудочно-кишечного тракта: особенности строения и функционирования // Иммунология-2003.-№5.- С.4-7
- Хаитов Р.М Экологическая иммунология. М, 2001.-219с
- Фоке Р.А. Инфекционные болезни и иммунитет в пожилом возрасте М., 2006.-430с